

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**



Қабылдау комиссиясының төрағасы,  
университет ректоры

Ж.А.Темірбекова

2023ж.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындау бағыты:** 6B021- Өнер

**Білім беру бағдарлама тобы:** B021 – Орындаушылық өнер

Құрастырғандар:

ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы Бүләкеев Б.Жұмаділлә  
Аға оқытушы Кейменов Е.Қаумбаев

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Орындаушылық өнер» кафедрасының  
мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 91 «12» 05.....2023 ж.

Кафедра меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері Ботақараев А.Т.Ботақараев

Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды,  
Хаттама № 9 «18» 05.....2023 ж.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Кулетова Ұ.А.Кулетова

Факультет деканы, п.ғ.к, профессор Абусейтов Б.З.Абусейтов

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры Идрисова Э.Идрисова

Университет оқу-әдістемелік комитетінде бекітілді,  
Хаттама № 10 «18» 05.....2023ж.

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі	4
3. Апелляция	4
4. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері	5
5. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері	6
6. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу сұрақтар тізімі	6
7. Пайдаланылған әдебиеттер	8

## **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

Осы бағдарламада берілген шығармашылық емтихандардың талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 600 бұйрығы негізінде жасалған.

Шығармашылық емтихандарды өткізу шығармашылық емтиханды талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға түсуші құжат тапсырған жоғары оқу орнында жүргізіледі.

Шығармашылық емтиханның мақсаты В021- Орындаушылық өнер білім беру бағдарламасы тобы бойынша білім алуға тілек білдірген оқуға түсушілер арасынан шығармашылық және өнер мамандығына бейімі, кәсіби орындаушы үшін аса қажетті шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеті бар дарынды жастарды іріктеп алу және келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру.

### **Емтиханды ұйымдастыру тәртібі**

Шығармашылық емтихандарының кестесі (емтихан өткізу нысаны, мерзімі, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және түсушілерге құжат қабылдау уақытынан кешіктірмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар видео және/немесе аудио жазбамен қамтылған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

В021- Орындаушылық өнер білім беру бағдарламасы тобы бойынша:

I-шығармашылық емтихан: Жеке (соло) бағдарламаны орындау (аспаптың сүйемелдеуімен ән орындау немесе музыкалық шығармалар орындау)

II-шығармашылық емтихан: Музыкалық –теориялық пәндер бойынша ауызша немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы, сольфеджио)

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысының бағасы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады және әр шығармашылық емтихан 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

### **Апелляция**

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ректор бұйрығымен,

төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтінішті өз атынан береді және шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

### **I- шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері**

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша аспаптың сүйемелдеуімен ән(эстрадалық, академиялық, дәстүрлі) орындау немесе музыкалық аспаптарда жеке шығармалар орындайды. Шығармашылық емтиханда оқуға түсуші алдын-ала өзі дайындаған әр түрлі характердегі 2 немесе 3 шығармасын орындап көрсетеді(аспаппен сүйемелдеп айту, минуспен айту немесе «акапелла» - тек дауыспен орындау).

Аспаптың сүйемелдеуімен ән орындау немесе музыкалық аспаптарда шығармалар орындау емтиханын бағалау кезінде келесі қабілеті мен білім деңгейі ескеріледі:

1. Өзін - өзі сахнада ұстауы, отырысы, тұрысы.
2. Шығарманы орындағандағы стильдік ерекшеліктің сақталуы, ырғақтың, екпіннің дұрыс орындалуы, нюанс.
3. Шығарма мәтіннің дұрыс орындалуы.
4. Орындаушылық шеберлігі.

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері төмендегідей бағаланады:

**«45-35» балл.** Шығарманы орындау деңгейі өте жақсы. Стильдік ерекшеліктері айқын сақталған. Динамикалық белгілері өте шебер орындалған. Ойнау техникасы өте жоғары дәрежеде.

**«34-25» балл.** Шығарманы талапқа сай орындады. Орындау техникасы өте жақсы. Стильдік ерекшеліктерді айқын сақталған. Шығарманы орындау стилі мен екпіні дұрыс сақталған.

**«24-5» балл.** Орындаушылықтың қыр - сырын талапқа сай игерген. Шығарманы орындау деңгейі жақсы. Нюанстар жасауда кемшіліктер бар. Шығарманың екпінін таңдауда кемшіліктер бар.

**«4» балл.** Орындау техникасы қанағаттанарлықсыз. Шығарманың мәтіні дұрыс.

- 45-35 балл - 5 (өте жақсы)  
 34-25балл - 4 (жақсы)  
 24-5 балл - 3 (қанағаттанарлық)  
 4 балл - 2 (қанағаттанарлықсыз)

## **II - шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері**

2-кезең: Екінші шығармашылық емтиханды қабылдау оқуға түсуші талапкердің есту және есте сақтау қабілеті, ырғақ, сезім, музыка, ән салу қабілетін тексеру арқылы өтіледі.

Музыкалық сауат пен есту қабілетін тексеру емтиханында талапкер өзінің табиғи дарындылығы мен музыка теориясынан алған білім деңгейін көрсете алады. Музыкалық-теориялық пәндер бойынша берілген тапсырмаларға ауызша немесе жазбаша жауап береді. Берілетін этносольфеджиолық жаттығулар мен ән-күйлерді, дыбыстың қозғалу бағытына қарай айтады. Бұл емтиханда талапкердің төмендегі білім деңгейі бағаланады:

1. Емтихан қабылдаушының «Фортепиано» аспабында берілген жеке дыбыстарды дауыспен таза қайталауы;
2. Берілген дыбыстар санын ажыратып, айта білуі;
3. Берілген ырғақтарды қайталай білу қабілеті;
4. Аспапта орындалған шағын сольфеджиолық әуенді есте сақтап, дауыспен қайталау;
5. Музыка теориясынан берілген сұрақтарға нақты жауап беру.

### **Екінші шығармашылық емтиханды өткізу сұрақтар тізімі.**

- 1) Нота дегеніміз не?
- 2) Такті дегеніміз не?
- 3) Қандай кілттерді білесің?
- 4) Пауза дегеніміз не? Қандай түрлерін білесің?
- 5) Бүтін нотада қанша сегіздік, он алтылық, отыз екілік, жартылықтар бар?
- 6) Ырғақ дегеніміз не?
- 7) Метр дегеніміз не?
- 8) Өлшем дегеніміз не?
- 9) Затакт дегеніміз не?
- 10) Жай өлшемдерді ата.
- 11) Синкопа дегеніміз не?
- 12) Екпін дегеніміз не?
- 13) Мажорлық және минорлық лад.
- 14) Диатоникалық және хроматикалық жарты тон дегеніміз не?
- 15) Екпін түрлерін ата. .
- 16) Энгармонизм дегеніміз не?

- 17) Ноталардың әріппен таңбалануы.
- 18) Милизмдер дегеніміз не?
- 19) Аккорд дегеніміз не?
- 20) Негізгі үшдыбыстықтар дегеніміз не?
- 21) Септакорд дегеніміз не?
- 22) Қазақ композиторларын атаңыз?
- 23) ҚР мемлекеттік ән ұранының авторы кім?
- 24) Қазақ халқының белгілі күйшілерін ата?
- 25) Балалар композиторларын ата?
- 26) Халық әні дегеніміз қалай түсінесің?
- 27) Құрманғазының қандай күйлерін білесіз?
- 28) ҚР халық әртістерін атаныз?
- 29) Қазақ халық аспаптарын атаңыз?
- 30) Қорқыт қандай аспапта ойнаған?
- 31) Көңіл толқыны күйінің авторы кім?
- 32) Абай Құнанбаевтің қандай әндерін білесің?
- 33) Ш.Қалдаяқовтың қандай әндерін білесің?
- 34) Ақсақ құлан кімнің күйі?
- 35) Мектеп бағдарламасындағы бір әнді орындау?
- 36) Айтыс дегеніміз не?
- 37) Үрмелі аспаптарды ата?
- 38) Қазіргі таңдағы әншілерді атаныз?
- 39) Әнші мен жыршының айырмашылығы қандай?
- 40) Шертпе күй мен төкпе күйдің айырмашылығы?

Екінші шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері төмендегідей бағаланады:

«45-35» балл. Музыкалық сауаты өте жақсы. Негізгі талаптарға сай жауап берілді. Есіту қабілеті де өте жақсы. Сұраққа дұрыс жауап берген.

«34-25». Есіту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеті жақсы. Теориялық сұрақтарға жауап беруде кемшіліктер кеткен. Сұраққа дұрыс жауап берген.

«24-5». Теориялық сұрақтарға берген жауабы талапқа сай. Есіту қабілеті жақсы. Есте сақтау, ырғақты сезіну қанағаттанарлық. Сұраққа дұрыс жауап берген.

«4» балл. Есіту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеті қанағаттанарлықсыз. Теориялық сұрақтарға берген жауабы төмен.

**45-35 балл - 5 (өте жақсы)**

**34-25балл - 4 (жақсы)**

**24-5 балл - 3 (қанағаттанарлық)**

**4 балл - 2 (қанағаттанарлықсыз)**

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вокал класы. Оқу құралы. Шымкент, 2020 ж. Ж.А. Утешева
2. Энді сүйсең, менше сүй. Ансамбль «Лик-мажор». Оқу әдістемелік құралы / А.Б Нургожина.- Устькменгорск: ИП Аникин Б.П., 2020. А.Б. Нургожина
3. Голос 99 упражнения для тренировки, развития и совершенствования вокальных навыков. Учебное пособие Пер.с англ. Д.Халиковой, 2019 г., изд-во «Аттикус».
4. «Эстрадно-джазовый вокал». Учебно-методическое пособие. Владимир: ВлГУ, 2015. Л.Р. Сёмина, Д.Д. Сёмина.
5. Музыкальная литература. Развитие западноевропейской музыки Учебное пособие. 2019. М.Шорникова.
6. Обучая музыке музыкально. Учебно-методическое пособие, ТОО Полиграф комбинат 2012. К.С. вонвик, Ш. Мусаева
7. Жеке ән салу. Оқулық.. –Алматы: «Полиграфия-сервис и К» 2019 ж. Г.Г. Сапарғалиева
8. Төлебаев, М. Эндері мен романстары [Ноталар]. 1 - кітап : Қазақ халық аспаптар оркестріне лайықталған шығармалары / - Алматы : Алматы - Болашақ, 2014.
9. Г.Алчевский. Таблицы дыхания для певцов и их применение к развитию основных качеств голоса. Учебное пособие. 2014 г. ISBN 978-5-8114-1767-4
10. Луиджи Лаблаш: Полная школа пения. С приложением вокализов для сопрано или тенора. Учебное пособие. Издательство: Планета музыки, 2016 г.
11. Пансерон О.М. Вокальная школа для сопрано и тенора: Уч. пособие. 2016 г.
12. «Домбырамен ән айту мектебі // Мерей баспасы 2017 ж. Р.Стамғазиев. Оқу құралы
13. Қазақтың дәстүрлі әншілік өнері., Түркістан 2020 ж. Бекбосын Қажыбек Құдайбергелұлы. Оқу-әдістемелік құрал.
14. Казахское традиционное песенное искусство.. Туркестан: Издательство «Туран» МКТУ им.К.А.Ясави, 2020 г. К.К.Бекбосын. учебного пособия
15. История песен казахских народных композиторов. Туркестан: Издательство «Туран» МКТУ им.К.А.Ясави, 2020 г. К.К.Бекбосын. Учебно-методическое пособие.
16. Р.Стамғазиев, М.Әбуғазы «Назқоңыр әндері. Алматы 2016 ж.